

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Налибаева Райгуль Олимбаевна

(білім алушының аты-жөні)

5B075200-Инженерлік жүйеле және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: Петропавл қаласындағы 10-қабатты тұрғын үйдің жылу жүйесін жобалау

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалу барысында студент өзінің теориялық білімін көрсете білді. Негізгі бөлімдерді орындау барысында барлық сұрақтар қарастырылып, арнайы әдебиеттермен нормативтік – анықтамалық құжаттармен МемСТ, СН қолданыла білді.

Студент Налибаева Райгуль дипломдық жобаны орындауда теориялық алған білімімен қатар Word, Excel, AutoCad компьютерлік бағдарламаларды жоғарғы деңгейде білетінін, инженерлік бағдармаларды жақсы меңгергенін көрсете отырып, 34 беттік түсініктеме жазбасымен 3 қосымшадан және 5 бет графикалық сызбадан тұратын дипломдық жұмысты орындап шықты.

Налибаева Райгуль дипломдық жобасын «өте жақсы» (95б) бағаға лайық деп есептеймін, ал Налибаева Райгуль 5B075200-Инженерлік жүйелер және желілер мамандығы бойынша техника және технологиялық бакалавр біліктілігін беруге болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші

Байкенжеева А.С.



(қолы)

«14» 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Налибаева Райгуль

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Налибаева Райгуль ДЖ.docx

Научный руководитель: Байкенжеева Айгуль

Коэффициент Подобия 1: 11.9

Коэффициент Подобия 2: 5.8

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 33

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 03.05.2022



проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Налибаева Райгуль

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Налибаева Райгуль ДЖ.docx

Научный руководитель: Байкенжеева Айгуль

Коэффициент Подобия 1: 11.9

Коэффициент Подобия 2: 5.8

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 33

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

□ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

03.05.2022

Заведующий кафедрой

пои *Henry*

[illegible]

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Налибаева Райгуль

Тақырыбы: Налибаева Райгуль ДЖ.docx

Жетекшісі: Байкенжеева Айгуль

1-ұқсастық коэффициенті (30): 11.9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 5.8

Дәйексөз (35): 0.1

Әріптерді ауыстыру: 33

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

03.05.2022.

Кафедра меңгерушісі

Алимова

Тексеріп отырып, осы еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Байкенжеева А.С.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Налибаева Райгуль Олимбайқызы

Петропавл қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін
жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Алимова К.К.
« 14 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Петропавл қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін
жобалау”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Налибаева Р.О.

Пікір беруші


Д.С. Байсаханов
« 11 » 05 2022 ж.


Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Байкенжеева А. С.
« 14 » мамыр 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
 Алимова К.К.
« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Налибаева Райгуль Олимбайқызы
Тақырыбы «Петропавл қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау»
Университет ректорының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489 бұйрығымен
бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Ғимарат қабаттарының жобасы,
сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың
климаттық параметрлері.
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Негізгі бөлім: Қоршаушы құрылымдардың жылу техникалық
есебі; бөлмелердің жылу жоғалу есебі;
ә) Жылыту жүйесін жобалау; гидравликалық есептері; аспаптар жылу есебі;
б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы: Еңбек шығының каль-
куляция есебі, күнтізбелік жоспар, жұмысшылардың қозғалыс графигі;
в) Экономика бөлімі: Келтірілген шығын есебі, негізгі технико-экономикалық
көрсеткіштер;
Сызба материалдарының тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) Жылыту жүйесінің 1-інші қабат және типтік қабат жоспары; 2) Жертөле
жобасы және әсергілікті жылыту пункті; 3) Жылыту жүйелерінің аксономет-
риялық сұлбасы (жоғарғы қатар); 4) Жылыту жүйелерінің аксонометриялық
сұлбасы (жоғарғы қатар); 5) Күнтізбелік жоспар.
Ұсынылған негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	11.02.2022-05.03.2022	Орындалды
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	10.03.2022-06.04.2022	Орындалды
Экономика бөлімі	06.04.2022-11.04.2022	Орындалды


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	06.04.2022	
Экономика бөлімі	А.С. Байкенжеева техн. ғыл. канд., қауым. проф.	11.05.2022	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	11.05.2022	

Жетекші

 Байкенжеева А.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Налибаева Р.О.

Күні

« 11 » маусым 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Петропавловск қаласында, 19-ыншы ықшам ауданында орналасқан 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі жасалынды.

Осы жобада есептеулердің негізін Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары және ережелеріне байланысты талаптарға сәйкес тағайындалған көрсеткіштер арқылы есептелген жылу жоғалу және гидравлика бөлімдері құрайды. Осы жобаны жүргізе отырып шығатын нәтижелеріміз жылу жүктемесі және оған сай жылу аспаптары анықталады, жалпы үйдің жылыту жағынан инженерлік жүйесі құрылады. Гидравликалық есептеулері де жүргізіледі, ол диаметр таңдау құбырлардың, қысымын анықтау, су жылдамдығын анықтау деген сияқты. ҚР-ның ҚНЖЕ талаптарына сай жасалып отырды. Жалпы осы жобада қолайлы, сапасынан төзімді жұмыстар жасалды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте разработана система отопления 10-этажного жилого дома, расположенного в г. Петропавловске, 19-й микрорайон.

Основу всех этих расчетов составляют разделы теплотери и гидравлики, рассчитанные по показателям, назначенным в соответствии с требованиями, связанными со строительными нормами и правилами Республики Казахстан. Проводя данный проект, мы определяем тепловую нагрузку и соответствующие ей тепловые приборы, строим инженерную систему со стороны общедомового отопления. Также проводятся гидравлические расчеты, которые сводятся к выбору диаметра труб, определению давления, определению скорости воды. Выполнен в соответствии с требованиями СНиП РК. В целом, в данном проекте были выполнены приемлемые, качественные работы.

ABSTRACT

In this diploma project, a heating system has been developed for a 10-storey residential building located in Petropavlovsk, 19th microdistrict.

The basis of these calculations are the sections of heat loss and hydraulics, calculated according to the indicators assigned in accordance with the requirements related to the building codes and regulations of the Republic of Kazakhstan. Carrying out this project, we determine the thermal load and the corresponding thermal devices, we build an engineering system from the side of the communal heating. Hydraulic calculations are also carried out, which are reduced to the choice of pipe diameter, determination of pressure, determination of water velocity. Made in accordance with the requirements of the SNIP RK. In general, acceptable, high-quality work was carried out in this project.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері	8
1.2 Тұрғын үйлердің жылу жүйелерінің сипаттамасы	8
1.3 Қоршайтын құрылымдардың жылу техникалық есебі	9
1.4 Жылу жоғалуы қоршайтын құрылымдардан	15
1.5 Жылыту жүйесінің есепті қуаты	16
1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есептері	17
1.7 Шешімдері жылыту жүйесінде	18
1.8 Жылыту жүйенің гидравликалық шешімдері	19
1.9 Суараластырғыш жергілік жылу пунктінiң	20
2 Технологиясы құрылыс жинақтау жұмыстарының	23
2.1 Техникалық – ұйымдық шаралар	23
2.2 Еңбек шығыны калькуляциясы	23
2.3 Жұмыскерлердің қозғалыс графигі мен күнтізбе жоспары	24
2.4 Қажеттілік есеп көлікке	24
2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	26
2.6 Қауіпсіздік техникасы	26
3 Экономика бөлімі	28
3.1 Шығындардың есебі	28
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
ҚОСЫМШАЛАР	35

КІРІСПЕ

Өз үйінің әр иесі өз үйін жайлы "ұяға" айналдыруға тырысады. Осы мақсатқа қол жеткізуге зор күш-жігер жұмсалады. Бұған әрлеу жұмыстарының егжей-тегжейлі есебі, эксклюзивті жиһаз жиынтықтарын іздеу, ландшафттың ерекше дизайнын жасау кіреді. Егер үй суық болса, барлық қиындықтар пайдасыз болуы мүмкін. Жалпы құрылыста инженерлік жүйелерсіз үйімізді елестету мүмкін емес. Инженерлік жүйелерсіз үйіміз жай қаныраған бос қорап секілді. Біз өзіміздің көп уақытымызды үйде өткіземіз, жұмыстан немесе оқудан шаршап келгенімізде жайлы үйімізде жатып демалғанға не жетсін! Ал енді сол комфортты тудыратын жүйелердің бірі инженерлік жүйелер.

Жылыту жүйесі бөлмені жылыту үшін қолданылатын элементтер жиынтығы деп аталады: жылу көзі, құбырлар, жылыту құрылғылары. Жылу салқындатқыштың көмегімен беріледі-сұйық немесе газ тәрізді орта: су, ауа, бу, жанармайдың жану өнімдері, антифриз. Жылыту үй-жайларда жылу шығынын өтеу және жылу жайлылығының шарттарына немесе тапсырыс берушінің талаптарына жауап беретін температураны берілген деңгейде ұстау мақсатында оларды жылыту. Жылыту жүйесі – жылыту функциясын орындайтын құрылғылар кешені, жылыту қазандықтары, желілік сорғылар, үй-жайлардағы температураны автоматты түрде ұстап тұратын құрылғылар, жылыту радиаторлары және басқалар.

Осы істеген дипломдық жобамда Петропавловск қаласындағы он қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесі есептелген. Жылу тасымалдағыш ретінде су қолданылып одан осы ғимаратымызды жылытатын жылу аспаптарына беріледі, ол жанағы біздің жоғалатын жылуымыздың орнын толтырып, адамға комфортты орта тудырады.

Жылыту жүйесі негізі қысқы мерзімде қосылады, қолданылады. Ол жанағы егер үш күн бойы ауа райы 8°C -тан төмен болса жылыту жүйесі іске қосылады. Ең салқын 5 күндікте сыртқы ауа температурасы қабылданады.

Бұл дипломдық жобада жаңа айтып кеткендей су арқылы жылыту жүйесін тандадым. Алдымен жобаның техникалық көрсеткіштерін қаламыз бойынша тандап алып, сыртқы қоршаулар арқылы жылу жоғалуын есептейміз. Осы анықталған жылу жоғалулардың мәні арқылы ары қарай жылу құралдары мен жылытудың гидравликалық есептерін жүргіздім.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаның техникалық көрсеткіштері

Тұрғын ғимараттың жылыту жүйесін жобалауға қажетті мәліметтер:

Қала атауы – Петропавловск;

Ғимарат түрі – Тұрғын үй;

Қабат саны – 10;

Қабат биіктігі – 3 м;

Ғимарат өлшемдері – 18х18 м;

Жылыту кезеңінде сыртқы ауаның есепті температурасы (ең суық бес күндік): минус 34,8°C;

Жылыту кезеңінде сыртқы ауаның орташа температурасы: минус 5°C;

Жылыту кезеңінің ұзақтылығы – 218 тәулік;

Жылыту кезеңі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы – 4,2 м/с.

Сырттан қоршайтын қабырғаның материалдары мынадай болып келеді:

Сыртқы қабырғаның құрылымы темірбетонды монолитті және толтыратын газобетоннан құралады. Сыртқы жағынан 100 мм болатын қалыңдықтағы жылуоқшаулыш пайдаланылады, оның сыртынан 20 мм болатын цементті-құмды сылақпен қапталады, одан кейін ішкі беті де солай әрлейтін қабаты 20 мм құрайды.

1.2 Тұрғын үйлердің жылу жүйелерінің сипаттамасы

Жылыту құралдарын, әдетте, қарауға, жөндеуге және тазалауға қол жетімді жерлерде жарық саңылауларының астына қою керек. Жылыту аспабының ұзындығы жарық ойығы ұзындығының 75%-нан кем болмауы тиіс. Егер құрылғыларды терезе астына қою мүмкін болмаса, оларды сыртқы немесе ішкі қабырғаларға, сыртқы қабырғаларға жақын орнатуға рұқсат етіледі.

Бұрыштық бөлмелерде құрылғылар екі сыртқы қабырғаға орналастырылуы керек. Бұл орналастыру кезінде жылу құрылғыларынан шығатын жылу ауасының қозғалысы терезелер мен қабырғалардың суық беттерінен түсетін суық ағындардың пайда болуына және олардың жұмыс аймағына енуіне жол бермейді.

Тұрғын үй ғимараттарындағы жылыту құралдарын үй-жайлардың еденіне жақын 60 мм қашықтықта орнату керек.

Тұрғын үйдің жылу жүйесі жылыту құрылғыларына құбырлардың коллекторлық сымдары бар екі құбырлы болып қабылданды. Жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыш - параметрлері 95-70°C болады.

Баспалдақ торларындағы жылыту құралдарын, әдетте, бірінші қабатта орналастыру керек. Жылыту құралдарын баспалдақ марштарының және алаңдардың енін қысқартпайтындай, адамдардың жылжуына кедергі келтірмейтіндей етіп орнату қажет.

1.3 Қоршайтын құрылымдардың жылу-техникалық есебі

Жылыту жүйесін құру және қолдану үшін жылу-техникадан мәліметтер болу керек. Температуралардың азайтындысы жылу тасымалдау процесінің белсендіруші күші болып есептеледі, ал тасымалданатын жылу, дененің кеңістігіндегі температуралық өріспен байланысты болады. Температуралық өріс дегеніміз жаңағы уақыттың белгілі кезеңіндегі дененің бүкіл нүктесіндегі температуралардың жиынтығын айтамыз.

Жылу техникалық есептеу – бұл құрылыстар мен конструкциялардың жылу қорғау мен энергия тиімділігінің қазіргі заманғы нормаларына сәйкестігін анықтауға бағытталған іс-шаралар кешені. Олардың көмегімен үй-жайлар мен ғимараттарды жылытуға қажетті жылу энергиясының мөлшері анықталады. Объектінің жылу жоғалту мәні екі түрге бөлінеді: қоршау конструкциялары арқылы жылу шығыны және желдету жүйесінің жұмысына байланысты шығындар.

Жылу берудің бізге мәлім үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылу өткізгіштік. Сыртқы қоршауларда жылу өткізгіштіктің түрі сан алуан. Жылу-техникалық есепте жылытылатын кезеңінде ғимараттың бүкіл сыртқы қоршауларына бөлменің және қоршайтын құрылымдардың эксплуатациялық шарттары мен санитарлы-гигиеналық талаптарын ескере отырып жүргізуге керек.

Жылу техникалық сипаттамаларын талдау процедурасы көптеген күрделі формулаларға негізделген. Мысалы, қоршау конструкцияларын есептеу кезінде алдымен жылу өткізгіштік көрсеткішінің мәні анықталады, содан кейін әр бірліктің жылу кедергісі есептеледі.

Ғимараттың сыртқы қоршаушы құрылымдарының санитарлы-гигиеналық және комфорттық шарттарына қажетті жылуберу кедергісінің мәні, $\text{м}^2\text{°C/Вт}$ табылады:

$$R_o^{TP} = \frac{n \cdot (t_i - t_o')}{\alpha_B \cdot \Delta t_H}, \quad (1.1)$$

мұндағы n – қоршағыш конструкциялардың сырт беті ахуалына қарай алынатын коэффициент;

t_i – бөлмедегі ішкі ауаға сай есептік температура, °C ;

t_o' – сырттағы сыртқы ауаға сай есептік температурасы, °C ;

α_B – қоршағыштың іш жақтарының жылуды бөлу коэффициенті, $\text{Вт/м}^2\text{°C}$;

Δt_H – қоршағыш конструкцияның ішкі жақтағы температурасы мен іштегі ауа температура аралығындағы норматив температуралық айырмашылық, °C .

Сырттан қоршағыштардың жылу беру кезіндегі кедергіні энергияны өнімдеу шарттарын ескере отырып табуға болады, ол былай жылыту кезеңінің $\text{°C} \cdot \text{тәулігі}$ табылады:

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{от}) \cdot n_0, \quad (1.2)$$

мұндағы $t_{от}$ – жылыту кезеңіндегі сырттағы ауа орташа температура, °С;
 n_0 – жылыту кезеңінің мерзімі, тәулік.

Сыртқы қоршаулардың жылуберуге кедергісін, $\text{м}^2\text{°С/Вт}$ келесі түрде анықтаймыз:

$$R_o = \frac{1}{\alpha_B} + R_K + \frac{1}{\alpha_H}, \quad (1.3)$$

мұндағы R_K – сырттан қоршағыш конструкциялар термиялық кедергісі, $\text{м}^2\text{°С/Вт}$;

α_H – қоршағыштың сырт жағының жылуберу кедергісі, $\text{м}^2\text{°С/Вт}$.

Сырттан қоршағыш конструкцияның термиялық кедергісі, $\text{м}^2\text{°С/Вт}$ келесі формуладан табамыз:

$$R_K = \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \dots + \frac{\delta_n}{\lambda_n}, \quad (1.4)$$

мұндағы $\delta_1, \delta_2 \dots \delta_n$ – сырттан қоршағыштан тұратын қабаттықтардың қалыңдығы, м;

$\lambda_1, \lambda_2 \dots \lambda_n$ – сырттан қоршағыштан тұратын қабаттықтардың жылуберу коэффициенті $\text{Вт/м}^2\text{°С}$.

Қоршағыш құрылымдарының жылуды беруге анықталған кедергілерінен сон, олардың жанағы жылу өткізгіш коэффициенттері, $\text{Вт/м}^2\text{°С}$ табылады:

$$k = \frac{1}{R_{оп}}, \quad (1.5)$$

$$\text{ЖМГТ} = (18 - (-5)) \cdot 218 = 5014.$$

ЖМГТ мәні арқылы сыртқы қоршағыштардың жылу таратудағы болатын кедергілерді табамыз.

Көп пәтерлі тұрғын үй ғимаратының жалпы жоғалатын жылуын анықтау үшін қоршаушы құрылымдар ретінде терезелер, сыртқы қабырғалар, төбе жабындары және едендер қарастырылады.

а) Сыртқы қабырғаға

$$1) \frac{0,7}{2000} = 0,00035$$

$$2) 5014 - 4000 = 1014$$

$$3) 0,00035 \cdot 1014 = 0,355$$

$$4) R_o^{np} = 2,8 + 0,355 = 3,155 \text{ м}^2\text{°C/ Вт};$$

$$5) k_{CK} = \frac{1}{3,155} = 0,317 \text{ Вт/м}^2\text{°C}.$$

ә) Төбе жабыны

$$1) \frac{0,9}{2000} = 0,00045$$

$$2) 5014 - 4000 = 1014$$

$$3) 0,00045 \cdot 1014 = 0,456$$

$$4) R_o^{np} = 3,7 + 0,456 = 4,156 \text{ м}^2\text{°C/ Вт};$$

$$5) k_{TЖ} = \frac{1}{4,156} = 0,24 \text{ Вт/м}^2\text{°C}.$$

б) Еден

$$1) \frac{1}{2000} = 0,0005$$

$$2) 5014 - 4000 = 1014$$

$$3) 0,0005 \cdot 1014 = 0,507$$

$$4) R_o^{np} = 4,2 + 0,507 = 4,707 \text{ м}^2\text{°C/ Вт};$$

$$5) k_{TЖ} = \frac{1}{4,707} = 0,212 \text{ Вт/м}^2\text{°C}.$$

в) Терезе

$$1) \frac{0,15}{2000} = 0,0000750$$

$$2) 5014 - 4000 = 1014$$

$$3) 0,000075 \cdot 1014 = 0,076$$

$$4) R_o^{np} = 0,45 + 0,076 = 0,526 \text{ м}^2\text{°C/ Вт};$$

$$5) k_{TЖ} = \frac{1}{0,526} = 1,9 \text{ Вт/м}^2\text{°C}.$$

1) Сыртқы қабырғалардың жылутехникалық есебі:
Керекті жылу беру кедергісі (1.1) – өрнек арқылы шешіледі:

$$R_o^{TP} = \frac{1 \cdot (18 + 34,8)}{8,7 \cdot 4} = 1,52 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

ЖМГТ (1.2) – өрнек арқылы шешіледі:

$$\text{ЖМГТ} = (18 - (-5)) \cdot 218 = 5014^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}$$

R_o^{PP} -ны интерполяциялау арқылы анықтаймыз:

$$R_o^{PP} = \frac{3,5-2,8}{6000-4000} \cdot (5014 - 4000) + 2,8 = 3,15 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Көп қабатты сыртқы қоршайтын конструкцияның жылуберу кедергісін (1.3) – өрнек арқылы мәнін табамыз.

1 Кесте – Сыртқы қабырғаның құрылымы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, δ , (м)	Жылуөткізгіштігі, λ , Вт/м ² °C	Тығыздығы ρ , кг/м ³
Ішкі әрлеу	0,02	0,76	1800
Газобетон	0,4	0,41	1000
Пенополистерол	0,100	0,052	125
Сыртқы әрлеу	0,02	0,760	1800

$$R_0 = \frac{1}{23} + \frac{0,02}{0,76} + \frac{0,4}{0,41} + \frac{0,1}{0,052} + \frac{0,02}{0,76} + \frac{1}{8,7} = 3,11$$

Алынған мәндерді салыстырамыз:

$$R_o^{TP} < R_0 < R_o^{PP}$$

Есептеуге R_o^{PP} мәнін қабылдаймыз. Жылу өткізгіштік коэффициентін (1.5) – өрнек бойынша анықтаймыз:

$$k = \frac{1}{3,15} = 0,317 \text{ Вт/м}^2\text{°C}$$

2) Төбе жабынның жылутехникалық есебі:

Керекті жылуберу кедергісі (1.1) – өрнек арқылы шешіледі:

$$R_o^{TP} = \frac{1 \cdot (18 + 34,8)}{8,7 \cdot 3} = 2,02 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

ЖМГТ (1.2) – өрнек арқылы шешіледі:

$$\text{ЖМГТ} = (18 - (-5)) \cdot 218 = 5014$$

R_o^{PP} -ны интерполяциялау арқылы анықтаймыз:

$$R_o^{PP} = \frac{4,6-3,7}{6000-4000} \cdot (5014 - 4000) + 3,7 = 4,16 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Көп қабатты сыртқы қоршайтын конструкцияның жылуберу кедергісін (1.3) – өрнек арқылы мәнін табамыз.

2 Кесте – Төбе жабынның құрылымы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^2 \text{°C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2\text{°C/ Вт}$
Темір бетонды плита	0,150	1,620	0,093
Перлитопластобетон	0,200	0,052	3,846
Руберойд	0,010	0,170	0,059
Ауа қабаты	0,050	0,760	0,140

$$R_0 = \frac{1}{23} + \frac{0,150}{1,62} + \frac{0,2}{0,052} + \frac{0,01}{0,17} + \frac{0,05}{0,76} + \frac{1}{8,7} = 4,22 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Алынған мәндерді салыстырамыз:

$$R_o^{TP} < R_o^{PP} < R_0$$

Есептеуге R_o^{PP} мәнін қабылдаймыз. Жылу өткізгіштік коэффициентін (1.5) – өрнек бойынша анықтаймыз:

$$k = \frac{1}{4,22} = 0,237 \text{ Вт/м}^2\text{°C}$$

3) Еден жабынның жылутехникалық есебі:

Керекті жылуберу кедергісі (1.1) – өрнек арқылы шешіледі:

$$R_o^{TP} = \frac{1 \cdot (18 + 34,8)}{8,7 \cdot 3} = 2,02 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

ЖМГТ (1.2) – өрнек арқылы шешіледі:

$$\text{ЖМГТ} = (18 - (-5)) \cdot 218 = 5014$$

R_o^{PP} -ны интерполяциялау арқылы анықтаймыз:

$$R_o^{PP} = \frac{5,2-4,2}{6000-4000} \cdot (5014 - 4000) + 4,2 = 4,71 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Көп қабатты сыртқы қоршайтын конструкцияның жылуберу кедергісін (1.3) – өрнек арқылы мәнін табамыз.

3 Кесте – Еден жабынның құрылымы

Материал атауы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^2 \text{°C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2\text{°C/ Вт}$
Керамикалық плита	0,005	0,58	0,0086
Жылуоқшаулағыш миниралды плита	0,15	0,042	3,57
Темірбетон плита	0,2	1,92	0,104

$$R_0 = \frac{1}{23} + \frac{0,005}{0,58} + \frac{0,15}{0,042} + \frac{0,2}{1,92} + \frac{1}{8,7} = 3,84 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Алынған мәндерді салыстырамыз:

$$R_o^{TP} < R_0 < R_o^{PP}$$

Есептеуге R_o^{PP} мәнін қабылдаймыз. Жылу өткізгіштік коэффициентін (1.5) – өрнек бойынша анықтаймыз:

$$k = \frac{1}{4,71} = 0,212 \text{ Вт/м}^2\text{°C}$$

4) Терезенің жылутехникалық есебі:
ЖМГТ (1.2) – өрнек арқылы шешіледі:

$$\text{ЖМГТ} = (18 - (-5)) \cdot 218 = 5014$$

R_o^{PP} -ны интерполяциялау арқылы анықтаймыз:

$$R_o^{PP} = \frac{0,6-0,45}{6000-4000} \cdot (5014 - 4000) + 0,45 = 0,526 \text{ м}^2\text{°C/ Вт}$$

Көп қабатты сыртқы қоршайтын конструкцияның жылуберу кедергісін (1.3) – өрнек арқылы мәнін табамыз.

4 Кесте – Терезенің құрылымы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2\text{ } ^\circ\text{C/ Вт}$
Әйнекпакеті RENAU	0,07	0,360	0,194

$$R_0 = \frac{1}{23} + \frac{0,07}{0,360} + \frac{1}{8,7} = 0,353 \text{ м}^2\text{ } ^\circ\text{C/ Вт}$$

Алынған мәндерді салыстырамыз:

$$R_0 < R_o^{PP}$$

Есептеуге R_o^{PP} мәнін қабылдаймыз. Жылу өткізгіштік коэффициентін (1.5)- өрнек бойынша анықтаймыз:

$$k = \frac{1}{0,526} = 1,9 \text{ Вт/м}^2\text{ } ^\circ\text{C}$$

1.4 Жылу жоғалуы қоршайтын құрылымдардан

Ғимараттың қоршайтын құрылымдарының негізгі жылу мөлшері, Вт есептелінеді:

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \quad (1.6)$$

мұндағы k – қоршағыш құрылымдардың жылу өткізгішті коэффициенті, $\text{Вт/м}^2\text{ } ^\circ\text{C}$;

A – қоршаудың ауданы, м^2 ;

t_i, t'_0 ішкі, сыртқы ауа есептік температуралары, $^\circ\text{C}$;

n - қоршағыш құрылымдардың сырттағы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент.

Мысалы, 1-ші қабат, 101-ші бөлме есебі сыртқы қабырға үшін:

$$Q_{\text{нег}} = 0,317 \cdot 9 \cdot (16 - (-34,8)) \cdot 1 = 144,9 \text{ Вт}$$

Сыртқы қоршағыштардың жалпы жылу жоғалуына көп нәрселер әсер береді, ол айтып жатқан факторларымызға жел жылдамдығы, ораналасу орны, қоршағыштың биіктігі жатады. Жалпы жылу жоғалуымыз, Вт былай анықталады:

$$Q_{\text{жал}} = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.7)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылудың жоғалуын ескере кететін коэффициенттердің қосындысы, алынады былай: есептелетін бөлменің екі сыртқы қабырғасына – 5% (0.05); сыртқы қоршағыштың биіктігіне байланысты болады, егер қабырға 4 метрден жоғары болғанда әр метр үшін – 2% (0.02); сыртқы қоршағыш қабырғаның бағытына сай шығыс және солтүстік үшін – 10% (0.1), батыс – 5% (0.05), оңтүстік – 0; желдің жылдамдығы 5 м/с-тен кіші болса – 5% (0.05), немесе 5 м/с-тен көп болса – 10% (0.1).

Мысалы, 1-ші қабат, 101-ші бөлме есебі сыртқы қабырға үшін:

$$Q_{\text{жал}} = 144,9 \cdot (1,15) = 166,67 \text{ Вт}$$

Бөлмелердің жылу жоғалу мәндері А.1 Кестеде көрсетілді.

1.5 Жылыту жүйесінің есепті қуаты

Үймеретер және ғимараттар жалпы жылу жоғалуын, Вт былай табуға болады:

$$Q_0 = q_0 \cdot V \cdot (t_i - t'_0) \cdot n, \quad (1.8)$$

мұндағы q_0 – ғимараттың түріне, құрылысына қарай алынатын жылулық көрсеткіші, сыртқы көлеміне сай қабылданады, Вт/м³;

V – ғимараттың көлемі, 9720 м³;

n – сырттағы ауа температурасына қарай алынатын коэффициент.

Интерполяция:

$$x = (1,59 - 1,47) \cdot \frac{(9720 - 5000)}{10000 - 5000} = 1,476,$$

$$q_0 = \frac{1,48}{3,6} = 0,411,$$

$$Q_0 = 0,411 \cdot 9720 \cdot (18 - (-34,8)) \cdot 0,95 = 200385,2.$$

Ғимарат жылыту жүйесінің есепті қуаты, Вт табылады:

$$Q_{\text{жж}} = k \cdot \sum Q_0, \quad (1.9)$$

мұндағы k – түзету коэффициенті, алынады осы мәннен $1,07 \div 1,2$.

$$Q_{\text{жж}} = 1,07 \cdot 200385,2 = 214412,2, \text{ Вт}$$

Жылыту жүйенің жылдық жүктемесі, кДж/жыл табылады:

$$Q_{\text{жж}}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot q_0 \left(\frac{t_i - t_{oT}}{t_i - t'_0} \right) \cdot V \cdot n_0, \quad (1.10)$$

мұндағы t_{oT} – жылыту кезеңіндегі сырттағы ауа орташа температура, $^{\circ}\text{C}$;
 n_0 – жылыту кезінің ұзақтылығы, тәулік.

$$Q_{\text{жж}}^{\text{жыл}} = 86,4 \cdot 0,411 \cdot \left(\frac{18+5}{18+34,8} \right) \cdot 9720 \cdot 218 = 32777229,1 \text{ кДж/жыл.}$$

1.6 Жылыту аспаптарының жылулық есептері

Ғимарат бөлмелерінің сыртқы қоршағыштарының жылу жоғалуының алдын алу үшін жылыту жүйесінде жылыту құралдары орнатылады. Жылыту аспаптары жылу тасымалдағыш температурасы арқылы бөлмедегі жылу жоғалуын толықтыру үшін қарастырылады. Ғимараттың бөлмелерінде орнатуға алюминий, шойын, болат радиаторлар көбінен қолданылады. Бөлменің тағайындалуы ескеріліп кетеді, жылытатын аспап түрін таңдау барысында.

Жылу беретін құралдың жылулық беті, м^2 түзету коэффициентер арқылы есептелінеді:

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k(t_{\text{орт}} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \quad (1.11)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ – бөлмедегі жылудың жоғалуы, Вт;

k – жылыту құралының жылуды өткізу коэффициенті, алынады: шойыннан болған құралға $7,84 \text{ Вт/м}^2\text{}^{\circ}\text{C}$, болаттан болған құрал – $10 \text{ Вт/м}^2\text{}^{\circ}\text{C}$;

t_i – бөлмедегі ішкі ауаның есептік температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

β_1 – қабылданған жылыту құралының аудан арқылы жылу беруін ескертетін түзету коэффициенті, алынады (конвекторларға және шойын батареялар $1,03 \div 1,08$; қырлы конвекторларға $1,13$);

β_2 – жылыту құралдары сырттағы қабырғаға қойылатындықтан қосымша жылу жоғалуды ескертетін түзету коэффициенті, алынады (шойын батареяларына $1,02$; конвекторларға $1,03$; панельді радиаторлар $1,04$);

$t_{\text{орт}}$ – жылу тасымалдағыштың (судың) орташа температурасы, °C:

$$t_{\text{орт}} = \frac{\tau_{\text{см}} - \tau_{02}}{2}, \quad (1.12)$$

мұндағы $\tau_{\text{см}}$ – жылытатын жүйедегі беретін құбырдағы судың температурасы, °C;

τ_{02} – жылытатын жүйедегі қайтатын құбырдағы су температурасы, °C.

2 құбырлы жүйеде ол: $t_{\text{орт}} = \text{const.}$

Жылыту құралының қойылатыны қанша екендігі (саны), дана былай анықталады:

$$N_{\text{жа}} = \frac{A_{\text{жа}} \cdot \beta_4}{\varphi_c \cdot \beta_3}, \quad (1.13)$$

мұндағы β_4 – жылыту аспапты бөлмеге орнатуын ескеретін түзеу коэффициенті, алынады (ашық орнатылған жағдайда 1,0; жабық орнатылған жағдайда - тормен әшекейленеді $< 1,1$);

β_3 – жылыту аспаб секция санын ескеретін түзеу коэффициенті, алынады ($\beta_3=1,0$ егер $A_{\text{жа}}=2,0\text{м}^2$, басқасында $\beta_3=0,97+0,06/A_{\text{жа}}$);

φ_c – орнату үшін алынатын жылытатын аспаптың 1 секциясы жылу бет ауданы, м^2 .

Жылытатын аспаптың есебі А.2 Кестеде көрсетілді.

1.7 Шешімдері жылыту жүйесінде

Жылу беретін бөлмеге керекті жылу шығынын есептеп және таратуға, өз-ара байланысты конструктивті элементтер қосындысы жылыту жүйесі болып табылады. Оның маңызды элементтеріне жылу түрі, жылу тасымалдайтын құбырлары және де жылыту құралдары кіреді. Осы жылыту жүйесінде жылуды тасымалдағыш жылуалмастырғышта немесе болса қазанда қыздырылып барып, құбырлардың көмегімен жылу беретін құралдарға келеді. Жылу беретін құбырлар арқылы жанағы жылутасымалдағышымыздың жылуы беріледі. Менің жасаған жобамда екі құбырлы, су арқылы жылытылатын жылыту жүйесі таңдалды. Бұл жерде сыртқы жылыту желісінен 150°C температурамен келіп, ғимаратымыздың жертөлесінде орналасқан жергілікті жылыту пунктіне келіп, санитарлы-гигиеналық талапқа сай жылутасымалдағыштың температурасы 70°C -қа төмендетеді.

Ал енді құбырларға келсек, олардың түрлері әрине өте көп, негізі олар материал түріне қарай бөлінеді. Тұрғын үй-жайларда жылу құбырларының осындай түрлері қолданылады:

- болат;
- тот баспайтын болаттан жасалған;
- мыс;
- полиэтиленді;
- полипропилен;
- металл пластик.

Мен тандаған құбыр болат құбырлар. Мен істеп жатқан жобада 10 қабатты тұрғын үй болғандықтан, ұзаққа төзімді материал қажет, өйткені ремонт жұмыстары әрқашанда қолайсыздық алып келеді тұрғындарға, суды тоқтатып қойып немесе ауланың саз балшыққа айналуы дегендей қолайсыздықтар тудырмауы үшін. Соңғы уақытқа дейін бұл болат құбырларын ең көп таралған болатын. Жүйелер болат құбырлардан орнатылды. Себебі сол кезеңде балама болмады. Бірақ, соған қарамастан, оларды өткен шақтың жәдігері ретінде қарастыруға болмайды. Бұл вариант белгілі бір жағдай үшін ең жақсы жол болатын жағдайлар бар. Мысалы, үлкен көлемдегі құбырларды төсеу қажеттілігі туындаған автономды желіде жылытуға арналған болат құбырлар дұрыс шешім болып саналады. Сызықтық өсудің шағын көрсеткіші болат құбырлардан жылыту желісіне Компенсаторларды пайдаланбауға мүмкіндік береді. Болат материалдарының үлкен жақсы жағы – бұл жоғары температураға төзімділік.

Жоғарыда атап кеткендей жылыту жүйесінің келесі бір маңызды бөлігі жылыту құралдары. Жылыту құралдары ретінде болат радиаторлар тандалды. Болат радиаторларды әртүрлі елдерде табуға болады, бұл бүкіл әлемде өте танымал радиаторлар.

Болат аккумуляторлар әлемде энергетикалық дағдарыс болған кезде құрылды және жоғары энергия үнемдеу қасиеттері бар жаңа буын жылыту құрылғылары қажет болды. Бүгінгі таңда жылыту құрылғыларының нарығы 80% - ға осы типтегі радиаторлармен ұсынылған. Болат радиаторлардың жоғары техникалық және сапалық сипаттамалары оларды теңдестірілген, оңай басқарылатын жылу жүйесі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Болат радиаторлар бірқатар артықшылықтары бар. Олар радиаторлардағы салқындатқыштың аз мөлшеріне байланысты автоматты температура реттегіштерінің командаларына тез жауап береді. Мұндай радиаторларды күту өте оңай.

1.8 Жылыту жүйенің гидравликалық шешімдері

Гидравликалық шешімдер өзінің белгілі ретімен шығарылады. Гидравликаға дейін аксонометрия сұлбасы сызылады және де сол арқылы шығарылу басталады. Ол жерде участкелердің реті, жылу жоғалулары, ұзындықтары белгіленеді.

Бұл есепті жүргізудегі мақсатымыз құбыр диаметрлерін тандау және әр учаскеде жоғалатын қысымды анықтау. Гидравликалық шешімдердің жасалуы жылыту жүйесінің жақсы жұмыс істеуіне ат салысады.

Гидравликалық есепті жүргізудің жолы әр қалай, соның ішінде сумен жылыту жүйесінде қысым жоғалу тәсілі кеңінен қолданылады. Екі құбырлы болған кезде айналымды сақинасының саны жылыту аспаптарының санына тең келеді.

Учаскелердегі есепті судың шығындары, кг/с былай есептеледі:

$$G_0 = \frac{Q_0}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_0}{c(\tau_{см} - \tau_{02})}, \quad (1.14)$$

мұндағы Q_0 – әр учаскедегі жылу жүктемесі, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}$ С;

$\tau_{см}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, $^{\circ}$ С;

τ_{02} – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, $^{\circ}$ С.

Айналымды сақинаның орташа меншікті қысым жоғалуы, Па/м былай есептеледі:

$$R_{орт} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\Sigma l}, \quad (1.15)$$

мұндағы φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады: екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5.

Учаскелерде жоғалатын қысым, Па екі құбырлы жылыту жүйесінде осы формула арқылы анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \quad (1.16)$$

мұндағығы ΔP_l - құбыр ұзындығындағы жоғалытын қысым, Па
Гидравликалық есептер А.3-А.5 Кестелерінде көрсетілді.

1.9 Суараластырғышы жергілік жылу пунктін

Жергілікті жылыту пункті көбіне үйлердің жертөлесінде орналасады. Олардың негізгі қондырғылары қоса орналастырылады. Осы тақырыпта жылыту пунктің негізгі қондырғысы суараластырғыш элеваторды алдым.

Элеватордың жұмысы жанағы сырттағы жылу желісінен келетін судың температурасын $T_1 = 150^{\circ}$ С жылыту жүйесінің талабына қарай $t_1 = 95^{\circ}$ С реттеп келтіреді. Элеватор шойын кейде болаттан стандартты өлшемнен №1÷№7 дайындалады, соған сай араластырғыш камераның диаметрі 15÷50 мм.

Жергілікті жылыту жүйесі үшін осы айтылып жатқан элеваторлар керек болады, бұл жерде араластыру коэффициентті қажетті шекте өзгерте отыра, су температурасын бір қалыпты ұстап тұруға мүмкіншілік тудырады және талап ететін сапалы – санды реттеуді жүзеге асыруға мүмкін. Жылдамдығы азырақ соплоның тегісінен алып қарағанда аралас су ағысы одан жоғары жылдамдықпен қозғалады. Осы тандаған суағынды элеватор пайдалану ретінде ең сенімді және де қарапайым болғандықтан көп қолданылып келеді.

Айтарлықтай кемшілігі бар, араластыру коэффициенті тұрақтылығы жылыту жүйенің жергілік реттеуін жояды. Бірақ оны элеватор соплосының тесігінің аймағына автоматты реттеу қолданып алдын алуға болады.

Соплоны ауыстыру екі жағдайда жүргізіледі:

1 Табиғи тозу нәтижесінде бөліктің көлденең қимасы ұлғайған кезде. Мұның себебі-салқындатқыштағы абразивті бөлшектердің үйкелісі.

2 Егер араластыру коэффициентін өзгерту қажет болса-үйді жылумен жабдықтау жүйесіне берілетін судың температурасын көтеру немесе төмендету.

Элеватор тандаудың реті:

1) Жылу желісінен түсетін су шығыны, т/сағ мына формуламен анықталады:

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \quad (1.17)$$

мұндағы $Q_{\text{ж}}$ – жалпы жылу шығыны жылыту жүйесінің, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – жылу жүйесіндегі судың температуралары, 150 және 70°С.

$$G_{\text{жж}} = \frac{92907 \cdot 3,6}{4189 \cdot (150 - 70)} = 0,998.$$

2) Араластыру коэффициенті элеватордың мына формуламен анықталады:

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}, \quad (1.18)$$

$$u = \frac{(150 - 95)}{(95 - 70)} = 2,2.$$

3) Жылыту жүйеге түскен су шығыны, т/сағ мына формуламен анықталады:

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c(t_1 - t_2)}, \quad (1.19)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °C.

$$G_{\text{жж}} = \frac{92907 \cdot 3,6}{4189 \cdot (95 - 70)} = 3,19.$$

4) Элеватор мойынының диаметрі, мм мына формуламен анықталады:

$$d_{\text{м}} = 1,55 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \quad (1.20)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ - жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

$$d_{\text{м}} = 1,55 \cdot \frac{3,19^{0,5}}{10,593^{0,25}} = 15.$$

5) Элеватор соплосы диаметр, мм мына формуламен анықталады:

$$d_{\text{с}} = \frac{15}{1+2,2} = 5.$$

6) Элеватордың жұмыс істеуі үшін жылу желісінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым, Па мына формуламен анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_{\text{с}}^4}, \quad (1.21)$$

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{0,998^2}{0,5^4} = 100,4.$$

Осыдан кейінгі қадам элеватор нөмірі анықталады.

Қорыта келе қабылдаймыз: $d_{\text{с}} = 5$ мм және $d_{\text{м}} = 15$ мм мәндерінің көмегімен стандарт элеватор №3 таңдадым.

2 Технология құрылыс жинақтау жұмыстарының

Жұмыс құнының қысқартылуы ұзақтығы, жұмыс құнының төмендеуі, жұмыс өндірісті және ұйымды нұсқамалардан тұруы, еңбек өнімі көтерілуі, монтаж жұмыстың сапасының жақсаруы осының бәріне жұмыс өндірісінің жинақтау жобасы себепкер болады.

Құрылыс жинақтау жұмысының толық жобасы жұмысшыларға керек график, жинақтау механизмі, жұмыс бойынша нұсқамалар, көмекші және негізгі материалдардың ақпарат тізімі, еңбек төлемінің және шығынының калькуляциясы, экономикалық техникалық көрсеткіштер, аспап құралдарының ақпарат тізімі, техника қауіпсіздігі.

Жылыту құрылғы жүйелерінің жұмыстары мынадан тұрады: жинақтау, дайындау, тапсыру. Өзіне меншікті жинақтау мен алдыңғы жинақтау процестері жинақтау жұмыстарының бөлімі. Жүйеге қажетті бұйымдар, техникалық құжатпен қамту, жабдықтармен қамту, объектіні жинақтауға дайындау жинақтау жұмыстарының бөлігі болып табылады.

2.1 Техникалық – ұйымдық шаралар

Петропавл қаласында орналасқан он қабатты тұрғын үй жылыту жүйесін жинақтау жұмысына сай осы жоба технологиясы және ұйым жасалу керек. Жылыту жүйесінің бөлек бөлімінен жинақтау жұмысы қалыптасады. Бұл жинақтау жұмысын іске асыру кезінде энергиямен, жақын орналасқан су құбырлары және автокөлік жолы қолданылуы мүмкін нәрсе.

Құрылыстың барлық кезеңіндегі барлық құрылыс қатысушыларының уақыт, қуат және ресурстар бойынша қызметін байланыстыруды қамтамасыз ету құжаттың негізгі мақсаты болып табылады.

Осы техникалық – ұйымдық дайындау жұмыстары ҚР ҚН 3.01.01 – 2012 «Құрылыс өндіріс ұйымы» сәйкесінше жүзеге асырылады.

Осыған қатысты шаралар Б.1 және Б.2 Кестеде көрсетілді.

2.2 Еңбек шығыны калькуляциясы

Жөндеу және жинақтау құрылыс жұмыстарының шығыны, объектке байланысты көлемдер анықталуы бірыңғай норма және баға бойынша табылады. Жұмыста қосымша және негізгі жұмыс түрлері болады және жұмыс ұзақтығы күні сегіз сағаттан тұратын бір ауысымнан құралады.

Құрылыс жұмысының ұзақтылығы, құны, ауырлығы және де басқа шығындарды ақша түрінде көрсетіледі. Нақтылай құрылыс процесі жұмысының көлемін жасауға шығатын уақыт арқылы құрылыстың салыну ұзақтылығы анықталады. Адам-күн немесе адам-сағатпен еңбек сыйымдылығы көрсетіледі.

Осыған қатысты шаралар Б.3 Кестеде көрсетілді.

2.3 Жұмыскерлердің қозғалыс графигі мен күнтізбе жоспары

Біз бір жұмысты жасау үшін оған алдын ала жоспар жасаймыз, оның орындалу уақытына қарай жабдықтар, құбырлар жинақтау жұмыстың графикалық түрі тұрғызылады. Сол бізде күнтізбелік жоспар деп аталады. Олар бізде мынадан құралады: кадрлар, құралдардың жеткізілуі туралы, жинақтау ісінің нормативті уақыты, еңбек шығын калькуляциясы, механизм мен машиналар жайында және тағы да өзгелері сияқты мәліметтерден құралады.

Іскерлердің қозғалысының бірқалыпсыздық коэффициенті 1,5-тен көп болмау қажет, график құрастырылып жатқан кезде.

Формуласы мынадай

$$K = \frac{n_{max}}{n_{op}}, \quad (2.1)$$

мұндағы n_{op} – іскерлердің орташа саны, адам.

$$n_{op} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i t_i$ – жұмыс бойынша жылу сыйымдылық немесе еңбек шығыны дейді, адам·күн;

T – күндегі ұзақтылық жинақтау жұмысының;

K – өнімді қайта істеу коэффициенті орташа, 1-ге тең.

Қабылданады $\sum Q = 111,15$ адам күн және $T = 29$ күн орташа мәні жұмысшылар.

Іскерлердің орташа саны:

$$n_{op} = \frac{111,15}{29} = 4 \text{ адам,}$$

$$K = \frac{5}{3,9} = 1,28.$$

2.4 Қажеттілік есеп көлікке

Радиаторлар мен құбырлар жылыту жүйенің жинақтау жұмысы болғанда тасымалдайтын жүктері осылар. Арақашықтығы тасымалдайтын араның, оның габариттері, ары бері тасымалдауға кеткен уақытты ескере отыра транспорт түрі таңдалады. Транспорт түрі ернеулі автокөлігі болады.

Транспорт санын, дана анықтайтын формула:

$$N = \frac{Q}{P_{тау} \cdot T}, \quad (2.3)$$

мұндағы Q – жүк саны (материалдардың, жабдықтардың және конструкциялардың ақпарат тізімінен алынады); $Q = 2,6$ тонн ;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/ауысым былай табылады:

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \text{ т/ауысым}, \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 4 тонн тең деп қабылданады;

n_p – ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{cp}}}\right) + t_n + t_p + t_m}, \text{ рейс}, \quad (2.5)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – ауысым ұзақтылығы, 8 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 12 км;

$V_{\text{ор}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{\text{ти}}$ – жүкті тиеу уақыты, БНЖБ бойынша анықталады:

$t_{\text{ти}} = 0,095$, $q=0,095 \cdot 4=0,38=38$ мин;

$t_{\text{т}}$ – жүкті түсіру уақыты: $t_{\text{т}} = t_{\text{ти}} = 38$ мин;

$t_{\text{м}}$ – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2мин немесе 0,03сағ.тең деп қабылданады. Сонда ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады:

$$n_p = \frac{8}{\left(\frac{2 \cdot 12}{20}\right) + 0,38 + 0,38 + 0,03} = 4 \text{ рейс}$$

Ауысымда 4 рейс деп қабылданады. Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{\text{тәу}} = 4 \cdot 4 = 16 \text{ т/ауысым}.$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{2,6}{16 \cdot 1} = 1 \text{ машина}$$

Маркасы КамАЗ 4350 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 5 тонна.

2.5 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жабдықтарды жүргізе отырып өнімделетін өзге барлық коммуникацияларға қосылу, жылыту пунктке жабдықтарды қосу, осы жүйелерді сынау жұмыстары жылыту жүйедегі жинақтау жұмысынан сон басталады. Құрылыс сапасы деп салынған ғимараттар сапасының жобалық шешімдер мен стандарттарға сәйкестігі айтылады. Сапа құрылыстың барлық кезеңдерінде қалыптасуы керек: өндіріске дейінгі (жобалау), өндіріс (құрылыс-монтаждау процестері) және өндіруден кейінгі (пайдалану).

Құбыр сапасы, құбырлардың радиаторларға қосылуы, орнатылған жылу аспаптарымыздың жоспардағы мәліметтерге сәйкес екендігі осының бәрі сынамай жатып тексерілуі қажет. Сол тексерістен шыққан ақаулар бір жерге жинақталып реттеушіге беріледі, ал сол реттеуші осы пайда болған ақаулардың бәрінің сынау жүргізгенге дейін міндетті түрде алдын алу қажет болады.

2.6 Қауіпсіздік техникасы

Қауіпсіздік техникасы-бұл қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және өндірісте жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар кешені. Еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жұмысшылардың еңбегі қауіпсіз болуы үшін шаралар қабылданады және осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін үлкен қаражат бөлінеді. Қауіпсіздік техникасының мақсаты: өндіріспен байланысты жарақаттар мен ауруларды азайту. Өндірілетін өнімнің бағасы мен көрсетілетін қызметтердің құнымен салыстырғанда адамның өмірі мен денсаулығы ең маңызды болып табылады.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік кез келген кәсіпорында қауіпсіз еңбек жағдайларының кілті болып табылады. Мамандандырылған нұсқаулықтарда құбырларды төсеу жұмыстарына қатысты қатаң талаптарды белгілейтін элементтерді табуға болады. Олардың арасында:

- қазаншұңқырлар мен орларды орнату жұмыс учаскесін қоршаудан және оны күндіз-түні жақсы көрінетін сигналдық белгілермен белгілеуден басталады.

- бетон каналдарының құрылысы құрылыс нормаларына сәйкес келетін материалдардан жасалуы керек.

- адамдарды траншеяларға түсіру және көтеру арнайы баспалдақтардың көмегімен жүзеге асырылады. Шұңқырда және жүк астында бір уақытта плита түрінде болуға қатаң тыйым салынады.

- құбыржол және кабель туннельдерін төсеу аймағында жұмыс істеу қолайлылығы үшін кернеуі 12 В аспайтын қоректендіру желісін пайдалана отырып, жарық орнатуға жол беріледі.

Бұл бізде жалпы сыртқы жұмыстардың қауіпсіздік техникасының бір бөлігі. Ал енді жеке өзіне келсек орталық жылыту жүйелерін орнату кезінде радиатор кронштейндеріне тесіктерді бұрғылау, монтаждау орындарына

блоктар және оларды радиатор кронштейндеріне ілу сияқты көп уақытты қажет ететін операцияларды орындау кезінде жарақат алу жағдайлары орын алуы мүмкін. Аталған операцияларды орындау кезінде мына талаптар орындалуы керек:

- радиаторлық кронштейндерге арналған тесіктерді бұрғылауды электрлендірілген құрал-сайманмен жұмыс істеу құқығына куәлігі бар арнайы оқытылған слесарь орындауы қажет;

- бұрғылаушы слесарь электр тогының соғуынан жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс;

- радиатор пештерін немесе блоктарды монтаждау орындарына тарату кезінде оларды радиатор кронштейндеріне ілу;

- қабатты бұранда қосылыстарын ұю үшін ұйытылатын құбырлардың диаметріне сәйкес келетін құбыр кілттері болуы тиіс.

Орнату аяқталғаннан кейін орнатылған жылу жүйесі сынақтан өтеді, оны жүргізу өте жауапты және қауіпті операция болып табылады. Сынақты жұмыс өндірушінің (шебердің) қатысуымен жүргізу қажет. Соңғы уақытта монтаждалған жүйелерді сығылған ауамен алдын ала сынау кеңінен қолданылады, оны орындау кезінде мынадай талаптар ескеріледі:

- сынақ орнынан барлық бөгде адамдарды алып тастау қажет;

- компрессорға осы жұмысты орындауға құқығы бар мотористпен қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

- сыналатын жүйеде ауа қысымын 0,07 МПа (0,7 кгс/см²) аспайтын ұстау қажет.

3 Экономика бөлімі

Экономика-қоғамның экономикалық қызметі, сондай-ақ өндіріс, бөлу, айырбастау және тұтыну жүйесінде қалыптасқан қатынастар жиынтығы. Қарапайым түрде жеткізсем осы жобаны іске асыруға әрине бізге қаражат керек болады, сол қаражатты белгілі мақсатына қарай жұмсау үшін экономикалық бөлім құрылады.

Іскерлердің еңбек ақысы, материалдардың ақшасы, объектінің сметалық құнын шығару сияқты жалпы осы үйдің салынып бастағанынан біткеніне дейін кетіретін құны десек те болады. Менің жобамда Петропавловск қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау үшін осы технико-экономикалық есеп жүргізіледі. Бұл экономикалық есеп кез-келген жобада жүргізіледі, өйткені жанағы айтып кеткендей не нәрсені бастасанда қаражат керек болады.

Техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) - өнімді немесе қызметті құрудың орындылығы (немесе орынсыздығы) шығарылатын ақпарат ұсынылған құжат болып саналады. Техникалық-экономикалық негіздеме қандай да бір жобаның шығындары мен нәтижелерін талдаудан тұрады. Техникалық-экономикалық негіздеме инвесторларға ұсынылған жобаға ақша салу керектігін анықтауға мүмкіндік береді, демек өте тиімді құжаттардың бірі болып келеді.

3.1 Шығындардың есебі

Жобаның экономикалық шығыны минимум түрде қарастырылады, ол осы формуламен табылады:

$$П = E_n \cdot K_i + C_i \rightarrow \min, \quad (3.1)$$

мұндағы E_n – экономикалық тиімділіктің нормативті коэффициенті, 0,12-ге тең деп қабылданады;

K_i – жоба шешімі бойынша капиталды төлем ақысы, тенге;

C_i – эксплуатационды жылдық төлем ақысы, тенге/жыл.

Материалдар мен жабдықтардың құнының көрсеткіштері бойынша жылыту жүйесінің бағасын капиталды төлем ақыны өнімдеуге болады, ол осы формуламен табылады:

$$K_i = K_{скв} + K_{пн} + K_{ов} + K_x, \quad (3.2)$$

мұндағы $K_{скв}$ – жылыту жүйелерінің материалдары мен жабдықтар құны;

$K_{пн}$ – жылыту жүйелерінің материалдары мен жабдықтардың жинақтау жұмысына кеткен шығыны.

$K_{ов}$ – құрылғылардың ғимараттың ішкі жағында орын ауыстыруға кеткен шығыны;

Кх – суық дайындау құрылғыларын, жылу шықпен қамтамасыз ету жүйелерін орнатуға кеткен шығын.

Эксплуатационды шығындар келесі шығын түрлерінен тұрады, ол осы формуламен табылады:

$$C = C_m + C_{\Sigma} + C_{ea} + C_a + C_{жж} + C_{жэ}, \quad (3.3)$$

мұндағы C_m – эксплуатационды материалдарға кеткен шығын, тенге/жыл;

C_{Σ} – бір жылда істетілетін энергоресурстың құны (электроэнергия), тенге /жыл;

C_{ea} – эксплуатационды персоналдардың еңбек қаражатына кеткен шығын, мың тенге/жыл;

